



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

**Қазақстан Ұлттық Банкі  
жаңа алаяқтық айла туралы ескертеді**

*Астана қ.*

*2026 жылғы 26 маусым*

Қазақстан Ұлттық Банкі жаңа алаяқтық айла белең алғанын ескертеді, онда алаяқтар адамның мобильді құрылғысы мен жеке деректеріне қол жеткізуге әрекет қылады.

Қаскөйлер азаматтардың телефонын қолға түсіру үшін түрлі психологиялық әдістерді жиі қолданады. Олар, әсіресе, әуежай, теміржол және автовокзал маңы сияқты халық көп жиналатын орындарды торуылдайды. Себебі мұндай жерлерде азаматтар асығыс жүретіндіктен, қырағылықты жоғалтып жатады.

Мысалы, алаяқтар «шұғыл қоңырау шалу керек еді» деген сылтаумен көшедегі адамның ұялы телефонын сұрап алуы мүмкін. Бұл – қазір жиі кездесетін тәсілдің бірі. Осы сәтте қаскөйлер банк қосымшалары арқылы ақша аударып үлгеруі немесе құрылғыны қашықтан басқаруға арналған NoPToDesk, RustDesk, RuDesktop, AnyDesk, TeamViewer сияқты бағдарламаларды байқатпай орнатып жіберуі ықтимал.

Мұндай бағдарламалардың көмегімен алаяқтар азаматтың телефонын қашықтан басқаруға мүмкіндік алады. Сөйтіп, заңға қайшы әрекет жасап, SMS-кодқа, мобильді қосымшаларға, мемлекеттік электрондық сервистерге және дербес деректерге оңай қол жеткізеді.

Көшеде «тегін фото немесе видео түсіріп беремін» деген желеумен азаматтардың биометриялық деректерін жинайтын алаяқтардың әрекеті де үлкен қауіп төндіріп тұр. Олар өз кәсібін жаңадан бастаған фотограф немесе мобилограф ретінде таныстырып, «портфолио жинап жүрмін» деген сылтаумен қызметін тегін ұсынған болады. Осылайша қолға түскен фото-видеоматериалдарды кейін жасанды интеллект көмегімен дипфейк жасау үшін қолдануы мүмкін. Бұдан бөлек, мұндай материалдар түрлі алаяқтық схемаларда, соның ішінде жақындардан ақша аударуды сұрайтын жалған хабарламаларды тарату үшін де пайдаланылады.

Осындай алаяқтық әрекеттердің жиілеуіне байланысты Қазақстан Ұлттық Банкі азаматтарды барынша сақ болуға шақырады. Бейтаныс адамға телефон бермеген дұрыс. SMS-кодты, банк картасының деректемесі мен басқа да жеке мәліметтерді үшінші тарапқа айтпау керек.

Еске сала кететін жайт, Ұлттық Банк қызметкерлері ешқашан аудио/видеоқоңырау шалмайды, жеке тұлғалардың шотына қызмет көрсетпейді және ақшалай есеп айырысу операцияларын жүргізбейді.

Алаяқтық әрекетке тап болған жағдайда дереу Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына тиісті арызбен жүгінуге кеңес береміз.

Қосымша кеңес алу үшін 1477 қысқа нөмірі арқылы Ұлттық Банктің Байланыс орталығына хабарласуға болады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)